2025 ЖЫЛҒЫ
11-12 ҚЫРКҮЙЕК

«САЙЛАУ ПРОЦЕСІН ӨТКІЗУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ» ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі:

2025 ЖЫЛҒЫ 11-12 ҚЫРКҮЙЕК

Оқу ұзақтығы: **20 академиялық сағат**

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын қалалар мен аудандардың аумақтық сайлау комиссияларының басшылары (88 адам)

КУРСҚА ШОЛУ

PRE-MODULE

Тыңдаушылар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңын, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Конституциялық заңын алдын ала өз бетінше зерделеп, қайталағаны жөн.

Сонымен қатар, тыңдаушыларға оқыту курсының бағдарламасы, тренерлер туралы қысқаша ақпарат және басқа да қажетті материалдар жолданады

OFFLINE MODULE

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының базасында оқыту курсының бағдарламасына сәйкес өткізіледі

POST-MODULE

Қатысушыларға оқу барысында игерген білімдері мен дағдыларын бекіту үшін оқыту курсының тақырыбы бойынша материалдар жолданады.

Сертификатталған тыңдаушылар өз өңірлерінде жаңадан игерілген құзыреттерді қолдана отырып, каскадты әдіс бойынша оқыту жүргізеді

МАҚСАТЫ

Қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссиялары төрағаларының кәсіби құзыреттерін арттыру, сайлау процесін ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша білімдерін өзектендіру, сондай-ақ тиімді коммуникациялар бойынша дағдыларын дамыту

МІНДЕТТЕРІ

1) сайлау заңнамасының новеллаларын түсінуді өзектендіру;
2) ақпараттандыру мен сайлау алдындағы үгіттің негізгі аспектілерін, сондай-ақ сайлау күні байқаушылармен, сенім білдірген адамдармен және БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимыл мәселелерін, даулы жағдайларды азайту мақсатында сот тәжірибелерінің мысалдарын талқылау;
3) сайлау науқанын қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру;
4) ұйымдастырушылық рәсімдерді пысықтау: сайлау науқанын жоспарлау, учаскелік сайлау комиссияларымен өзара әрекеттесу, нақты жағдайларды (кейстерді) талдау;
5) сайлау процесін тиімді ұйымдастырудың өңірлік тәжірибесін ұсыну және даулы жағдайлардағы шешудегі сайлау ұйымдастырушыларының рөлін көрсету (Павлодар облысының мысалында);
6) Ұлттық жасанды интеллект платформасымен таныстыру;
7) сайлау процесінде тиімді коммуникациялар, келіссөздер жүргізу, дауларды шешу және стресті басқару дағдыларын үйрету.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Қатысушылар сайлау заңнамасындағы жаңашылдықтар мен сот практикасы, соның ішінде соңғы даулардың шолуы туралы өзекті білім алады. Олар ақпараттандыру, үгіт жүргізу және сайлау процесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесудің тиімді стратегияларымен, сондай-ақ заманауи цифрлық құралдармен танысады. Сондай-ақ, науқанды жоспарлау, келіссөз жүргізу, дауларды басқару және стрестің алдын алу дағдыларын меңгереді. ОСК және УСК мүшелерін каскадтық оқытуға дайындығы артады.

ОҚЫТУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қонақ дәрістер, интерактивті пікірталастар, case-study, практикумдар, топтық тапсырмалар, тестілеу, аймақтық тәжірибелермен алмасу

OFFLINE MODULE

Астана қ., Абай даңғылы, 33а — 11-12 қыркүйек 2025 ж.

ЛЕКТОРЛАР / ТРЕНЕРЛЕР

АЗАМАТ САҒАТҰЛЫ ЖОЛМАНОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры

Еңбек жолын ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Сыртқы байланыстар және инвестициялар департаментінің сарапшысы лауазымынан бастады. Әр жылдары ҚР Президентінің жанындағы МБА-ның ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі, директордың орынбасары, Мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби дамыту институты директорының орынбасары, Академияның Қарағанды облысы филиалының директоры, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Стратегиялық әзірлемелер және халықаралық бағдарламалар департаменті директоры қызметтерін атқарды.

2022 жылдан 2025 жылға дейін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті.

2025 жылдың 27 ақпанында ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры лауазымына тағайындалды.

«Құрмет» орденімен марапатталған

ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында оқыту курсынан өткен.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде мол тәжірибесі бар. Жастар ұйымдарында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, Батыс Қазақстан облысы әкімінің және Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV, V және VI шақырылымдарының депутаты болып сайланған.

2022 жылдан бастап ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, 2024 жылғы қарашадан бастап Орталық сайлау комиссиясының хатшысы.

«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған

ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

«Болашақ» бағдарламасының түлегі, Шеффилд университетінің (Ұлыбритания) магистрі.

Мемлекеттік ақпарат және коммуникация саласында мол тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, сондай-ақ Инвестициялар және даму министрлігінің салалық комитеттерінде, «Хабар» агенттігі» АҚ-да басшылық лауазымдарды атқарған.

2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған

ТҮСІП ЖЕТЕНҰЛЫ РЫСПЕКОВ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Сайлау процесін ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі

Целиноград педагогикалық училищесін, Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразиялық ұлттық университетін және Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген. Сайлау жүйесінде 30 жылдан астам еңбек өтілі бар: Астана қаласындағы УСК мүшесі және төрағасы қызметін атқарған. 2017 жылдан бері Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының аппаратына қызмет етеді.

Бастауыш сыныптар мен тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, мектеп директоры, Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеген. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасының Президентінің алғыс хаттарымен және мерейтойлық медальдарымен марапатталған

ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл бөлімінің меңгерушісі

Саясаттанушы, заңгер, «Халықаралық даму (қақтығыстану, қауіпсіздік және даму)» мамандығы бойынша магистр, «Болашақ» бағдарламасының түлегі (Ұлыбритания, Бирмингем университеті).

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде, Қызылорда облысы әкімдігінде, «Nur Otan» партиясының Орталық аппаратында, сондай-ақ «Elorda Aqparat» ЖШС-де басшылық лауазымдарды атқарған.

2023 жылдың тамыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен және мерейтойлық медальдармен (2009, 2011 және 2018 жж.) марапатталған

БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Заң бөлімінің меңгерушісі

Әділет органдарында мемлекеттік сот орындаушысы лауазымынан бастап жұмыс тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүйесінде ұзақ уақыт бойы қызмет атқарып, маманнан бастап басшылық лауазымдарға дейінгі жолдан өтті. Қызмет барысында құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметтер көрсету және әділет саласындағы цифрлық трансформация мәселелерін үйлестірумен айналысты.

Құқық қолдану, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және ведомствоаралық өзара іс-қимыл салаларында мол тәжірибеге ие.

2023 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады.

Әділет органдарының дамуына қосқан елеулі үлесі мен кәсіби шеберлігі үшін «Әділет органдары қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған

ГҮЛНАЗ БЕГЗАТҚЫЗЫ КЕМБАЕВА

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Бюджетті жоспарлау және атқару бөлімінің меңгерушісі

Әр жылдары Қаржы министрлігінде, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде, бизнес-секторда жұмыс істеді.
«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған

ГУЛЬНАР КАБИДЕНОВНА АМАНЖОЛОВА

Павлодар облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер, педагогика және психология магистрі.
Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жанындағы Сарапшылар кеңесінің мүшесі. Сайлау саласындағы еңбек өтілі 14 жылдан астам. Учаскелік сайлау комиссиясында жұмыс істеген. 2014 жылдан бастап Павлодар облысының аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы, 2017 жылдан бері – төрағасы.
Ведомствоаралық іс-қимыл саласында мол тәжірибесі бар, сайлау комиссиялары үшін нормативтік-құқықтық актілер мен оқу-әдістемелік кешендердің әзірленуіне қатысады. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында басқарушылық лауазымдарын атқарған.
Қазақстан Республикасының білім беру саласының Құрметті қызметкері. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен, Астананың 20 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының «Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен және «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталған

ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА ИЛЬИНА

Павлодар облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.
2022 жылғы қаңтардан бастап Павлодар облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі болып табылады. Сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, сайлау ұйымдастырушыларын және сайлау процесіне басқа да қатысушыларды оқыту саласындағы жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру және қамтамасыз ету мәселелеріне жауап береді.
20 жылдан астам мемлекеттік қызметте еңбек етті. Облыс әкімдігінде, Ақсу қаласы және Успен ауданы әкімдіктерінде басшылық қызметтерді атқарды. Әртүрлі жылдары тұтынушылар кооперациясында, банк саласында КазАгроПромБанк және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалдарының басқарушысы ретінде жұмыс істеді.
«Мемлекеттік қызметтің үздігі» белгісімен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 және 25 жылдық мерейтойлық медальдарымен, ҚР мәслихаттарының 20 жылдығына, ҚР Конституциясының 20 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған мерейтойлық медальдарымен марапатталған

ВЕРА АЛЕКСАНДРОВНА ГЕЙНЦ

Павлодар қалалық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.

2023 жылғы қаңтардан бастап Павлодар қалалық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары. Сайлау жүйесіндегі жұмыс тәжірибесі 10 жылдан асады. Павлодар қаласының электоралдық оқытуын ұйымдастыруға жауапты.

Павлодар аудандық мәслихатының III, IV және VII шақырылымдарының депутаты және аудандық мәслихаттың төрағасы болып сайланды.

Әр жылдары білім беру мекемелерінде тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

2012 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік қызметте Павлодар аудандық мәслихат аппаратының бас маманы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы, аудандық мәслихат аппаратының басшысы лауазымдарында жұмыс атқарды.

«Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен, «2017 жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» белгісімен, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, ҚР мәслихаттарының 30 жылдығына арналған мерейтойлық медальдармен марапатталған

ШЫРЫН ИРАНБЕККЫЗЫ ОРАЗБАЕВА

Сертификатталған HR-кәсіби маман, стратегиялық деңгейдегі бизнес-тренер, жеке тиімділік, эмоционалды интеллект, персоналды басқару және цифрлық трансформация саласындағы сарапшы, сертификатталған медиáтор және медиация бойынша тренер, жоба жетекшісі, мотивациялық психолог

Медиация және қақтығыстану, персоналды басқарудағы цифрлық трансформация, HR саласында және жеке өнімділікті арттыруда жасанды интеллектіні құрал ретінде пайдалану, қаржылық мәселелер (бюджеттеу, есеп, салық, құқық, қаржылық менеджмент және талдау), персонал тиімділігін басқару жүйелерін KPI және OKR арқылы енгізу: мақсаттардан нәтижеге дейінгі процесті түрлі өндірістік салаларда жүзеге асыру бойынша бизнес-тренингтерді ұйымдастыру және өткізу саласында маманданған.

Қазақстан Республикасы HR менеджерлер қауымдастығының мүшесі, ҚР Кәсіби бухгалтерлер палатасының мүшесі. Franklin Covey компаниясының халықаралық бағдарламасы бойынша «Жетістікке жеткендердің 7 дағдысы» атты трансформациялық тренингтің сертификатталған фасилитаторы

АЛТЫН ҚУАНЫШБЕККЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-тренері

Филология ғылымдарының кандидаты (лингвист-зерттеуші), қазақ және орыс тілдері бойынша аудармашы, СТ РК ISO 21500-2014 және РК СТ ISO

21502-2022 IV схемасы бойынша ұлттық стандарттарға сәйкес сертификатталған жоба жетекшісі және тренер-кеңесші, IPMA халықаралық стандарты бойынша сертификатталған жоба менеджері, дизайн-ойлау әдіснамасы бойынша сертификатталған фасилитатор, HR-менеджмент бойынша дипломы бар маман, менеджмент, коммуникация, ғылыми зерттеу негіздері мен лингвистикалық зерттеулер салалары бойынша сарапшы-тренер, ғылыми жобалардың кеңесшісі және орындаушысы, ғылыми жарияланымдар мен кітаптардың авторы, 23 жылдық басшылық тәжірибесі бар, жалпы еңбек өтілі — 28 жыл

БЕКСҰЛТАН БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ САЙФУЛЛИН

«Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры «Астана Хаб» талдаушысы

SDU (Suleyman Demirel University, СДУ) университетін «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша бітірген. Ақпараттық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, ұйымдардың технологиялық және бизнес-процестерін автоматтандыру, IT-консалтинг, жасанды интеллект саласындағы технологияларды талдау және мониторинг саласында маманданған. Жобалық қызметте, сараптамалық қорытындылар мен ұсынымдар дайындауда тәжірибесі бар.

Цифрландыру, оқыту және жасанды интеллект (ЖИ) қолдану мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды

ЕРЛАН САТЫБАЙҰЛЫ АБДАҚАСОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Электоралдық оқытуды ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар.

«Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған

ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының басшысы

Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру саласында мол тәжірибеге ие. 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында әр түрлі лауазымдарда қызмет атқаруда. Алматы қаласы және Алматы облысындағы Академия филиалдарын басқарды, 2021 жылы Электоралдық оқыту орталығын құру мен ашуға елеулі үлес қосты. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының электоралдық оқыту бойынша 150 тренерді даярлау жөніндегі пилоттық жобасын жүзеге асыруға белсенді қатысты.

Адам ресурстарын басқару саласында сертификатталған тренер-консультант, асессор (SHL), жобаларды басқару менеджері, ішкі аудитор, сондай-ақ сәйкестік басқару жүйелері (ISO 37301:2021) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (ISO 37001:2025) менеджері

2025 ЖЫЛҒЫ 11 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ

Аудитория: **КӨК ЗАЛ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*
08:55 – 09:00	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ АШЫЛУЫ** **МОДЕРАТОР – ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**
09:00 – 09:05	**АЛҒЫ СӨЗ** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ**
09:05 – 09:45	**ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН НОВЕЛЛАЛАР** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ** ***Сұрақ-жауап***
09:45 – 10:25	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІ КЕЗІНДЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ, ҮГІТТЕУ, БАЙҚАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ** **СҮЙІНДІК ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ** ***Сұрақ-жауап***
10:25 – 10:35	*Үзіліс*
10.35 - 12.45 *Үзіліс – 10 минут*	**АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ, САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТТІҢ, СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ КҮНІ БАЙҚАУШЫЛАРМЕН, СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМДАРМЕН ЖӘНЕ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ. КЕЙСТЕРДІ ТАЛДАУ** **ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ** ***Сұрақ-жауап***
12:45 – 14:15	*Түскі үзіліс*
14.15 - 14.55	**ТЕСТІЛЕУ** **ЕРЛАН САТЫБАЙҰЛЫ АБДАҚАСОВ**
15:00 – 15:40	***Қонақ дәріс*** **ҰЛТТЫҚ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ НЕГІЗДЕРІ** **БЕКСҰЛТАН БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ САЙФУЛЛИН**
15:40 – 16:20	**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ САЙЛАУ ПРОЦЕСТЕРІНДЕГІ СОТ ДАУЛАРЫНА ШОЛУ** **БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ** ***Сұрақ-жауап***
16:20 – 16:40	*Үзіліс*
16:40 – 17:20	**САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ** **ГҮЛНАЗ БЕГЗАТҚЫЗЫ КЕМБАЕВА** ***Сұрақ-жауап***

17:20 – 18:40	**АСК/ОСК-да САЙЛАУ НАУҚАНЫН ЖОСПАРЛАУ: КҮНТІЗБЕ, ҮЙЛЕСТІРУ, УСК-мен ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ** **ТҮСІП ЖЕТЕНҰЛЫ РЫСПЕКОВ**

2025 ЖЫЛҒЫ 12 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА

Аудитория: **КӨК ЗАЛ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*	
	Т Ә Ж І Р И Б Е А Л М А С У: ӨҢІРЛІК ПРАКТИКАЛАР	
09:00 – 09:40	**ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ САЙЛАУ ПРОЦЕСІ: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР. ШЕШІМДЕР** **ГУЛЬНАР КАБИДЕНОВНА АМАНЖОЛОВА** **Павлодар облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы**	
	ТОПТАРҒА БӨЛУ	
	1-топ ***(Ауд. – Көк зал)***	**2-топ** ***(Ауд. - 309)***
09:40 – 11:00	**САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ШЕШУДЕГІ САЙЛАУ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ** **ВЕРА АЛЕКСАНДРОВНА ГЕЙНЦ** **ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА ИЛЬИНА**	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН КОММУНИКАЦИЯЛАР: КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУ** **ШЫРЫН ИРАНБЕККЫЗЫ ОРАЗБАЕВА**
11:00 – 11:20	*Үзіліс*	*Үзіліс*
	1-топ ***(Ауд. – Көк зал)***	**2-топ** ***(Ауд. - 309)***
11:20 – 12:40	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ** **ВЕРА АЛЕКСАНДРОВНА ГЕЙНЦ** **ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА ИЛЬИНА**	**СТРЕССТІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ КОММУНИКАЦИЯНЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ** **ШЫРЫН ИРАНБЕККЫЗЫ ОРАЗБАЕВА**
12:40 – 13:40	*Түскі үзіліс*	

	1-топ *(Ауд. - 309)*	2-топ *(Ауд. – Көк зал)*
13:40 – 15:00	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН КОММУНИКАЦИЯЛАР: КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУ** **АЛТЫН ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА**	**САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ШЕШУДЕГІ САЙЛАУ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ** **ВЕРА АЛЕКСАНДРОВНА ГЕЙНЦ** **ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА ИЛЬИНА**
15:00 – 15:10	*Үзіліс*	*Үзіліс*
	1-топ *(Ауд. - 309)*	**2-топ** *(Ауд. – Көк зал)*
15:10 – 16:30	**СТРЕССТІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ КОММУНИКАЦИЯНЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ** **АЛТЫН ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА**	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ** **ВЕРА АЛЕКСАНДРОВНА ГЕЙНЦ** **ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА ИЛЬИНА**
16:30 – 16:45	**ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ** **ЕРЛАН САТЫБАЙҰЛЫ АБДАҚАСОВ**	
16:45 – 17:00	**КЕРІ БАЙЛАНЫС САУАЛНАМАСЫ**	
17:00 – 17:30	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ** **ЭЛЕКТРОНДЫ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ** **ЕРЛАН САТЫБАЙҰЛЫ АБДАҚАСОВ** **ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**	

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Бағдарлама бойынша:
Қадыркеева Әнипа Кеңесқызы +7 702 269 57 24
Карибаева Инара Куатовна +7 771 316 98 78
Қатысушылар бойынша:
Ибрайханова Мархабат Серікқалиқызы +7 777 789 27 75
Құрмаш Жанель Рамазанқызы +7 707 715 75 80

ӨТКІЗУ ОРНЫ

Астана қаласы,
Абай даңғылы, 33а

БІЗ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ

Инстаграм
@apa.kz

Инстаграм
@sailay_edu.apakz

Телеграм
Lifelong learning | APA KZ

РЕСМИ САЙТ:

https://www.apa.kz/

https://www.election.gov.kz/